

**М. Д. Жакыпбаева, бас маман, сот мәжілісінің хатшысы;**  
**Б. Р. Алпысбаева, судья, заң ғылымдарының магистрі**  
(Қарағанды қаласы № 2 Қазыбек би аудандық соты)

## **АЗАМАТТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ СОТ ӘДІЛДІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазіргі уақытта әлемде талап арыздар интернет-ресурстар арқылы берілетін, сот актілері мен сот отырыстарының аудио жазбасы немесе видео-хаттамаларымен танысу мүмкіндігі бар елдер қатары көп емес. Осыған қатысты тиісті мәліметтердің барлығын бүкіл соттардың «Төреліктен» алуға болады.

Сот жүйесінің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы сот әділдігін жүзеге асырудың негізгі басымдықтарының қатарына оның беделін арттыру, халықтың соттарға деген сенімін нығайту міндетті түрде кіреді. Бұл, ең алдымен, сот төрелігін жүзеге асыру сапасын көтерумен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев ел судьяларының V съезінде сөйлеген сөзінде «Сот өндірісін жетілдіру инновациялық технологияларды кең көлемде қолданумен байланысты. Озық үлгідегі сот тәжірибесі — бұл қағаз түріндегі құжат айналымынан бастартып, қазіргі заманғы сот процесінің базасына айналуы тиіс электронды технологияларына көшу»<sup>i</sup> екенін атап өткен.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында сот жүйесін ақпараттандырудың жалпы мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық база құрылған. Атап айтқанда:

- «Қазақстан — 2050» Стратегиясы;
- «Ақпаратты Қазақстан — 2050» Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ.
- Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 732 Жарлығымен бекітілген Қазақстан әлемнің ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамасы;
- «Қазақстан жолы — 2050»;
- Қазақстан Республикасының құқық қорғау және сот төрелігінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы және т. б.

Азаматтық іс жүргізу кодексінде (149-3, 150, 151, 254, 257, 257-1, 258, 258-1, 263, 272, 274-1, 278, 286, т. б. баптар) азаматтық істер бойынша электронды жүзеге асырулар көзделген.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы дейінгі Стратегиялық даму жоспарында сот жүйесін одан әрі реформалау соттардың шынайы тәуелсіздігі, сот төрелігін атқару заңдылығын азаматтық қоғамның тиімді қоғамдық бақылау, судьялардың кәсіпқойлығы мен бейтараптылығы, сот ісін жүргізуді оңайлату және тым артық регламенттеуді алып тастау принциптерімен жүргізіледі, оның нәтижесінде қоғамның сот жүйесіне деген сенімінің жоғарғы дәрежесіне қол жеткізіліп, соттардың жұмыс істеу тиімділігі артады.

Қазақстан Республикасының сот саласында электронды технологиялармен жұмыс істеудің негізгі мақсаты: рәсімдерді жеңілдету, азаматтармен өзара қарым-қатынастарды басқару жүйелерінің принциптерін іске асыру және судьялардың біліктілігін арттыра отырып, сот жүйесінің жұмыс сапасын тиімді ету.

Қазіргі таңда сот жүйесінде «Бірыңғай ақпараттандырылған ақпараттық-талдау жүйесін (бұдан әрі — БААТЖ) «Төрелік» алмастырды. Төреліктің біршама артықшылықтарын атап айтқанда, талап арыздардың, тіркелу немесе қарау мерзімдерінің сақталуын, жалпы, барлық процессуалдық істер мерзімдерінің автоматты түрде есепке алып, бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, судьялар барлық мүдделі мемлекеттік органдардың ақпараттық базаларының ресурстарына кіре алады. Мұндай мүмкіндіктер жұмыстың тиімділігін арттырып, сұраныстарды болдырмауға әсер етеді.

Жоғарғы Соттың интернет-ресурстық сервистерін біріктіретін «Төрелік» бірден үш міндетті орындауға мүмкіндік береді. Біріншіден, судьялардың жұмысын тиімді ұйымдастырады, екіншіден, азаматтарға сот істерінде өз құқықтары мен бостандығын қорғауды жеңілдетіп, оңайлатады, үшіншіден, адам факторын, сондай-ақ процессуалдық емес байланыстарды бақылауға жана мүмкіндіктер береді<sup>ii</sup>.

Соттың азаматтық істер бойынша сот отырысы залында аудио-видео жазу құралдары қолдану тәртібі Қазақстан Республикасы АІЖК-нің 257, 257-1, 258-1–баптарымен реттелген.

Соттың техникалық мүмкіндігі болған кезде сот отырысына қашықтан қатысу туралы өтініш түскен жағдайда, отырыс тағайындалған күні бейнеконференц байланысты қамтамасыз ету шараларын ұйымдастыруды қабылдау үшін өтініш білдірушінің мекен-жайы бойынша сотқа хабарлайды. Сот отырысының барысын тіркеп жазуды қамтамасыз ететін аудио немесе бейнежазу құралдарын қолдануды бірінші және апелляциялық сатыдағы соттарда — сот отырысының хатшысы, кассациялық сатыларында қызмет көрсетуші ұйымның қызметкері жүзеге асырады. Сот отырысын қашықтан қатысу туралы өтініш түскен кезде бейнеконференц байланыс арқылы қашықтан қатысу тәртібімен сот отырысын өткізу бойынша сот отырысының барысын тіркеп жазуды қамтамасыз ететін аудио немесе бейне жазу тек сотта ғана жүргізіледі және қашықтан қатысушылар сөздерінің дыбыс жазбасы ғана жазылады.

Сотқа қатысушы азамат, оның өкілі немесе қорғаушысы өзіне ыңғайлы кез келген уақытта, үйден, кеңседен шықпай-ақ, интернет желісі арқылы өтініш пен арызды электрондық түрде жібере алады, мемлекеттік бажды онлайн режимінде төлеп, сот құжатын, сондай-ақ істің бүкіл тарихын қарап, сот актісін басып шығара алады және аталған істің процессуалдық мерзімдерін де қарай алады.

«Сот кабинеті» сервисін — бұл сот органдарының онлайн қызметтеріне кірудің бірегей терезесі тәрізді. Ол алыс қашықтан-ақ электронды түрде өтінішхаттар, апелляциялық және кассациялық шағымдар мен шағымдар жаза беруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мемлекеттік баж салығын төлеуге, істің қалай өтіп жатқандығын бақылап отыруға, сот құжаттары мен хабарламаларды жылдам алуға болады. Тұрақты бақылауға алудың мұндай мүмкіндігі сот қызметкерлерін тәртіпке бағындырып, қатысушыларды әуре-сарсаңға салудың алдын алады.

Сервис азаматтардың ЖСН немесе БСН, сондай-ақ құпия сөз арқылы жүзеге асырылады.

Сотқа талап арызбен (шағыммен) жүгінген азамат оның тіркелгені туралы талон алады. Одан кейін электрондық хабарлауға келіскен жағдайда оның ұялы телефонына немесе электрондық поштасына оның арызы бойынша сот құжатының шыққаны және онымен сайт арқылы таныса алатындығы жөнінде логин мен құпия сөз көрсетілген SMS-хабарлама жіберіледі. Бұл ретте азаматтар сот құжатын алуға сотқа барып уақытын кетіріп, қаражатын шығындаудың қажеті жоқ.

Қолайлылық және жедел қол жеткізу үшін тіркеу туралы талонда өтінішті тіркеу туралы деректерден басқа азамат мобильдік телефондағы QR кодты тану үшін арналған қосымшаны қолдана отырып, интернет-ресурстың бетіне тез ауысуға мүмкіндік беретін шифрленген код (QR код) қамтылған.

Сонымен қатар, сот процесіне қатысушыларды жедел хабардар етуден басқа бұл сервис пошталық хабарламаларды жолдаудан бас тартуға мүмкіндік беретінін атап айтқан жөн. Бұл пошталық шығындарға бөлінетін бюджет қаражатын айтарлықтай қысқартады.

Азаматтар мен ұйымдарды сот қарауына шақыру туралы SMS-хабарлау және шақыру, сондай-ақ қабылданған сот құжаттары туралы азаматтарға жедел ақпарат беру сервисі. Осылай, 2014 жылы 780 180 сот қарауына қатысушылары, ұялы байланыс абоненттері үшін 3 млн. астам (2013 жылы — 235 000) SMS-хабарлама жолданды, бұл ретте бір SMS-тің орташа бағасы 4 теңгені құрады.

«Сот кабинеті» сервисі арқылы қазіргі таңда сот процесіне қатысатын әрбір қатысушы өткен процестері бойынша бейне және аудиожазбаларына танысуына мүмкіндігі бар<sup>iii</sup>.

Сот жүйесінде заманауи технологияларды, жобаларды енгізу және пайдалану сот ісін жүргізуді жеңілдетеді, төрешілдік кедергілерді қысқартады, сот органы қызметкерлерінің азаматтармен байланысын азайтады. Бұл сыбайлас жемқорлықтың қысқаруына септігін тигізеді, халықтың уақыты мен қаражатын үнемдейді, еліміздің халқы үшін сот жүйесінің максималды ашықтығы мен қолжетімділігіне жетуге мүмкіндік береді<sup>iv</sup>.

Сот жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бұл — сот төрелігін іске асыру үрдісін жеңілдету, сот ісін жүргізуді оңтайландыру және автоматтандыру, ақпараттық технологияларды дамыту, бюджет қаражатын үнемдеу.

Сот төрелігінің кемшілігіне тоқталсақ, сот отырысының өткізуге кедергі келтіретін техникалық ақаулардың болуымен қатар төреліктің тиімділігін көрсете білетін ақпараттың болмауы, толыққанды түсіндірілмеуі атап айтқан қол жетімділікті пайдалануға кері әсерін тигізеді.

Мұндай проблемаларды болдырмау үшін немесе жою мақсатында кейбір кішігірім шаралар қолданылса деймін. Техникалық ақауларды болдырмау мақсатында компьютерлерді жаңарту керек, сондай-ақ төреліктің артықшылығын көсететін шағын видеороликтің азаматтарға таныстырылуы, төрелік жайлы ақпараттардың ұсынылуы атап өткен кемшіліктерді ішінара жойылуына мүмкіндік береді.

- 
- i Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың судьялардың V съезіндегі сөзіі (Астана, 2009 жылдың 18 қарашасы) // <http://www.zakon.kz>
  - ii Қазақстан Республикасының Президентінің 2010 жылғы 1 ақпанындағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары // <http://adilet.zan.kz>
  - iii Соттарға арналған IT – технологиялар // <http://kapital.kz>
  - iv Дамыған елге сот жүйесі де сәйкес болуы керек // <http://www.bagalau.kz/kz/news/it/i3116>